

3

Көңіл шапағының
көкжиегі

4

Ақын шығармашылығына
арналды

Сыр бойы

№141 (21017) 18 қыркүйек, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

f www.facebook.com/syrboyi.kz

i www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

X twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

МӘМІЛЕГЕ БАЛАМА ЖОҚ

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР
КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ VIII СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІҚасым-Жомарт Тоқаев Астана төрінде бас қосқан әлемнің ең беделді рухани
көшбасшылары мен басқа да қатысушыларға ілтипат білдіріп, съезд жұмысына қолдау
көрсеткендері үшін алғыс айтып.

— Қазір жер жүзінде сын-көтерлер көбейіп, халықаралық ахуал ушығып тұр. Соның салдарынан түрлі қақтығыстар көбеюде. Алмағайып кезең ешкімге оңай болып жатқан жоқ. Өкінішке қарай, соғыстың сипаты мен болмысы белең алуда. Дегенмен біз өткен заманнан дұрыс сабақ алып, сындарлы әрі ашық келіссөздерге ұмтылуымыз керек. Мәмілеге балама жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда, бүгінгі съездің мән-маңызы айрықша. Дін басшыларын гуманистік көзқарастарды ту еткен бейбітшілік елшілері деп айтуға болады. Сіздер ортақ мүдде үшін бірігіп, әлем жұртшылығын игі мақсат жолында жұмылдыруға ниет білдіріп отырсыздар. Баршаңызға шынайы ризашылығымыз білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, съезд алғаш кызметін бастаған сәттен бері қазіргі заман сын-көтерлерін ашық талқылайтын бірегей алаңға айналды. Конгреске қатысушылардың ұсынымдарына сәйкес, Съездің 2033 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы әзірленіп, ол жүзеге асырылып жатыр.

— Аталған құжат біздің бейбітшілікті сақтау, тату-тәтті өмір сүру және баршаға ортақ адамгершілік құндылықтарын берік орнықтыру секілді ортақ мақсатымызды айқындайды. Геосаяси шиеленіс ушыққан заманда мұның бәрі айрықша маңызды. Съездің қорытынды декларациясы ресми құжат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеяларында таралады. Бұл — съезд жұмысына берілген жоғары баға. Алдағы мерейтойлық 80-ші сессияда да аталған үрдіс жалғасады деп үміттенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан территориясы ежелден түрлі мәдениеттер тоғысып, өркениеттер өзара біте қайнасқан мекен екеніне назар аударды.

— Қазақ даласында әлемдегі ең негізгі діндер мен конфессиялардың барлығы дерлік

тараған және бір-бірімен жарасым тапқан. Біз қазіргі Қазақстанда да осы игі дәстүрді сақтап, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді саламыз. Еліміздің этносаралық және дінаралық келісімді нығайтуда тәжірибесі мол. Қазақстанның этностық әрі діни толеранттық моделі «Бірлігіміз — араландықта» қағидатына сүйенеді. Бұл ұстаным тіпті әлемдік өлшем тұрғысынан бірегей саналатын Қазақстан халқы ассамблеясының қызметінде де көрініс тапқан. Тарихтың өзі қалыптастырған халқымыздың төзімі, ынтымақ-бірлігі мен кең дүниетанымы бүгінде еліміздің бейбітсүйгіш, теңгерімді сыртқы саясатынан анық аңғарылады. Бұл саясат сенімге, диалогқа және ынтымақтастыққа негізделген. Жалпыға ортақ осы құндылықтар мен қағидаттар барша халықтар мен мемлекеттер үшін де маңызды екеніне сенімім кәміл, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеше съезд аясында БҰҰ Өркениеттер альянсының діни нысандарды қорғау жөнінде арнаулы сессиясы ұйымдастырылғанын атап өтіп, жаһандағы гуманистік күн тәртібін ілгерілетуге сіңірген еңбегі үшін Альянстің жоғарғы өкілі Мигель Анхель Моратиноска ризашылығын білдірді.

— Киелі діни орындар мен нысандарды қорғау арқылы біз, шын мәнінде, адамзат өркениетінің қайнар көзін сақтаймыз. Қазақстанда 18 конфессияға тиесілі төрт мыңға жуық діни бірлестік бар. Біз ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі секілді киелі жерлерді, ертеде және қазіргі заманда бой көтерген мешіттерді, православие мен католик шіркеулерін, Алматыдағы будда орталығы мен «Бейт Рахель Хабал Любавич» сияқты синагогаларды қорғап, қолдау көрсетеміз.

2-бет

/// ӨРКЕН

СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ ҚОНЫС ТОЙЫ



Суретті түсірген Бағдат Есжанов

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен сол жағалаудан бой көтерген, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған 280 пәтерлік 7 тұрғын үйді иелеріне табыстау рәсімі өтті. Салтанатты шараға жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа қоныс иелеріне құттықтауын жеткізді.

— Биыл ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, бұл мереке кең көлемде аталып өтуде.

Мемлекет басшысының қолдауымен мерейлі жыл аясында аймағымызда сәулеті келіскен, әсем де заманауи ғимараттар бой көтеріп, саябақтар мен аллеялар қайта жаңғыртылып, жолдарымыз кеңейіп келеді.

Бүгін жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстау рәсіміне жиналды.

Аймағымызда халқымыздың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда.

Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына, жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер (5148) сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс тойын тойлады.

Аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ге жуық пәтер табысталды.

Аймағымыздың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жанама серпін беретін құрылыс индустриясын дамытуға құрылысшыларымыздың үлесі орасан зор. Баспаналы болу әрбір отбасының жақсылыққа жетелейді. Қоныстарыңыз құтты болсын! — деді Н.Нәлібаев.

«СБ» ақпарат

/// СЕССИЯ

ТОҒЫЗ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыстық маслихаттың кезекті XXV сессиясы өтті. Басқосуға құқық қорғау органдарының, облыстық басқармалар мен департамент басшылары, қала және аудан әкімдері, маслихат депутаттары қатысты. Күн тәртібінде 9 мәселе қаралды.

Аймақ басшысы өңірде ауқымды жұмыстың жүзеге асырылуына қатысты мәселелерді қозғап, ұсыныстарын жеткізді.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Ендігі кезекте Сіздермен бірлесіп, Президентіміздің Жолдауынан туындайтын міндеттерді сапалы әрі мерзімінде жүзеге асыруымыз қажет.

Баршаңызды ел игілігі жолындағы жұмысты ауызбірлікпен, асқан жауапкершілікпен атқаруға шақырамын.

Бүгінде аймағымызда Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен ауқымды инвестициялық жобалар қарқын алды. Өткен 8 айдың қорытындысымен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді.

2-бет

/// ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН

ҚАЗАҚСТАН АСТАНАСЫНЫҢ ОРЫНБОРДАН АҚМЕШІТКЕ КӨШІРІЛУІ

Осыдан 20 жыл бұрын Қорқыт ата атындағы университет профессорлары А.Айдосов пен М.Кереевтің, мемлекет және қоғам қайраткері Ы.Калиевтің авторлығымен «Қызылорда» атты жинағы жарыққа шыққан. Кітапқа университет ғалымдары жинақтаған Санкт-Петербург, Орынбор, Алматы, Ташкент, Қызылорда архивтеріндегі құжаттар мен музейлердегі деректі материалдар пайдаланылған.

Біз бүгін осы кітаптағы «Қазақстан астанасының Орынбордан Ақмешітке көшірілуі» атты тарауын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Түркістан республикасын ұлттық белгілері бойынша бөлу қажеттігі туындады. Түркістан АКСР 1918 жылы құрылып, Кеңес ұлттық мемлекетінің Орта Азиядағы негізін қалаған болатын. Осы уақытта Бұқара және Хорезм халық республикалары қалыптасқан еді.

Бірақ бірде-бір республика халықтың құрамы жағынан өздерін ұлт республикасы деп атай алмайтын. Олардың барлығы өзбек, түрікмен, қырғыз, тәжік және қарақалпақ халықтарының ұлттық мемлекетін құру үшін негіз қалайтын көшпелі тұрпаттағы республикалар болатын.

4-бет



ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫНЫҢ ФИНАЛЫ ЖАҢА СТАДИОНДА ӨТЕДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларымен бірге Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Давид Лориямен және кәсіби клубтар арасында жарыстар өткізу дирекциясының басшысы Бақытжан Пазылхайырмен кездесті.

Валюта бағамы: \$ 539,54 kzt € 637,09 kzt ₸ 6,52 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +20° 🌙 +9° Жұма ☀️ +22° 🌙 +9°

/// АСҚАР ТОҚМАҒАМБЕТОВТИҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ

АҚЫН – АЛМАС, ШЫНДЫҚТЫҢ АҚ СЕМСЕРІ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, от ауызды, орақ тілді ақын, қарымды қалам иесі Асқар Тоқмағамбетовтің туғанына биыл 120 жыл толып отыр. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген, арада ғасырдан астам уақыт өтсе де, ақынның артында қалған қазынасы халықтың игілігіне қызмет етіп келеді.

Ол бұрынғы Тереңөзек, қазіргі Сырдария ауданы, бұрынғы XVIII партия съезі атындағы кеңшарда дүниеге келген. Қазір бұл ауыл А.Тоқмағамбетов есімімен аталады.



Әкесі Тоқмағамбет сөз қадірін білетін адам болыпты. Сол қасиетінен болар, халық ауыз әдебиетінің ескіден келе жатқан інжу-маржанын жиып-теріп жүреді екен. Өзінен өрбіген жеті қыздан кейінгі ұлы Асқарды ес білген кезінде молдаға оқытты. Содан әлгі жиган-терген қисса-жыр, дастандарын оған оқытып, әбден үйренген уақытында көпшілік жиылан ортаға ертіп апарып, айтқызатын көрінді. Осылайша ол атадан қалған асыл сөзді зердесіне түйіп өсті. Ұзақ-ұзақ қиссаларды бірнеше сағат тоқтамай айта береді екен. Ол заманда ел ішінде сауаты бар адам некен-саяқ, сондықтан оның жыр-дастандарын халық құмарта тыңдайтыны белгілі.

Өзінің айтуынша, Асқар ақынның балалық шағы «жеті апасының желкесінде» өтіпті. Олай дейтін, бірге туған апаларының мейірімі мен қамқорлығына бөленіп, тым ерке болып өседі. Айта кетейік, ақынның Парманкүл, Пірназар, Әлішер

кен өткір де өзекті туындылар оқырманды бір күлдіріп, бір ойландырып, астарлай отырып, ақиқатқа жүгіндіреді. Сондай-ақ ақын шабытты шақтарында табиғаттың сұлулығына тамсанып, тау өңірін, шың жартасын, тентек бұлағын, теңіз толқынын, жаз жайлауын жырға қосады.

Бұлақты көріп ме еңдер, таудан аққан, Мың толқып, жүз бұралып, жолын тапқан. Құздардың құдыретті кеудесіне, Бұрканып, бұлаң-талаң сыймай жатқан.

Шындардан шырқау биік төмен зырғып, Күнге ойнап, сылқ-сылқ күліп, жалтақтаса, тастан ырғып.

Мөлдірдей денесіне кіршік ілмей, Өзімен баратқандай бар сұлулық, – деп бұлақтың кіршіксіз әдемілігін жыр шумақтарымен кестелей келіп, «Бұлақтай таза болса шіркін жүрек, Қызық та болар еді-ау, өмір сүру» деп түйіндеді ақын.

ды анасына қатты ұқсатып, көп әңгімесін айтқаны есімде. Шара Жиенқұлова, Гүлжиһан Ғаниева («Гүлдер» ансамблінің негізін қалаған) келіп тұратын.

Әкем Сұлтанмахмет Қожықов, Тәкен Әлімқұловпен жақсы сыйласты. Ақын Зейнолла Шүкіровпен үнемі хат алысып, қолдау көрсетіп тұрды. Тағдырлы ақынға арнап пьеса, поэма жазды, – дейді.

Иә, жиырмадан асқан шағында-ақ Асқар Тоқмағамбетовтің ақындық даңқы алысқа жетіп, әдеби орта оның талантын сөзсіз мойындады.

Ақын ба, шындықты айтпай, жалтақтаса, Жағынып көрінгенге жан сактаса. Ақын деп заман оны дәріптемес, Жанына шипа болар нәр таппаса, – деп жырлаған ол, ақындық жүгінің ауыр екенін айта келіп, сөз иесінің ел алдындағы жауапкершілігін ескертеді. Тағы бір өлеңінде:

Ақын – алмас шындықтың ақ семсері, Ақын – тұлпар, заманның құлагері. Алыстағы арманды жырмен қуған, Ақын – жомарт, ақын – мәрт, ақын – сері, – деп жырлаған екен. Осы шумақ кейін құлпытасына жазылыпты.

Алғашқы өлеңдер жинағы 1928 жылы «Еңбек жыры» деген атпен жарық көрді. Ондағы өлеңдер негізінен, туған жер, Отан тақырыбына, екінші дүниежүзілік соғыс қаһармандарын, еңбек адамдарын дәріптеуге арналған. Бір жылдан соң 1929 жылы «Күлкі-сықақ» жыр жинағы баспадан шықты. Айта кетейік, ақынның сатира жанрында жазған шумақтары көздеген нысанасына деп тиіп, кемшілік пен келенсіздікті аямай түйреп өтеді. Соның бірін ғана мысалға келтірейік:

Өзі істемей, басқаның, Атағына семірген. Аз ба, ойлаушы бас қамын, Тамақ тапқыш тегіннен, – дейді. Жасыратыны жоқ, мұндай кейіпкерлер қоғамда әлі де бар.

А.Тоқмағамбетов проза жанрында атакты дикан Ы.Жақасөв өмірін бейнелейтін «Қыран тұғырдан ұшады», Қазан төңкерісі қарсаңындағы ауыл өмірін суреттейтін «Ақмоңшақ» (О.Бодыковпен бірге) повестерін жазды. Кеңес өкіметінің енді орныға бастаған кезеңіндегі ел тұрмысынан жазылған «Әке мен бала» романы кейін қайта толықтырып, «Қарбаласта» деген атпен жарық көрді. Онда қазақ кедейлерінің сауат ашуы, жана қонақ бейімделуі жайлы баян етілген. XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ақындары туралы «Жыр күмбөзі» атты тарихи романында Базар жыраудың тағдырын арқау етіп, сол заман ақын-жырауларының басынан кешкен қилы-қилы оқиғаларын көркем тілмен, көңіл толықнысымен шебер баяндайды. Оқиға желісі оқырманын бей-жай қалдырмайды. Ал драма жанрында «Әзірет Сұлтан», «Семафор ашық», «Екі зан» атты шығармаларын, тәжік классигі С.Айнидің «Құлдар» романын қазақшаға аударды.

Жоғарыда айтып өттік, Асқар ақынды ә дегеннен әдеби орта өз іріміне тартып әкетті. Қазіргі «Жас Алаш», «Лениншіл жас», «Сыр бойы», («Ленин жолы»), «Егемен Қазақстан», («Социалистік Қазақстан»), «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Ара» журналында қызмет істеді. Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент, Қызылорда облысаралық бөлімшелерінің жауапты хатшысы болды. Ел алдындағы еңбегі өз деңгейінде бағаланып, І дәрежелі «Отан соғысы», 3 мәрте «Еңбек Қызыл Ту» ордені және бірнеше медаль иеленді.

Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов «Қырғи тілді Асқар» десе, ақын ақын Ә.Тәжібаев «Асқардың өмірбаяны – республиканың өмірбаяны» деп баға берген.

Бүгінде қалада Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі бар. Ақынның 80 жылдығында сол кездегі өңір басшысы Е.Әуелбековтің ықыпалымен берілген екен. Онда күн сайын мәдени-көпшілік іс-шаралар өтіп жатады. Осыған қарап та ақын рухы әлі күнге жас ұрпақтың жолына сәулесін түсіріп тұрғандай сезінеміз.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// ЖАҚСЫЛЫҚ РАХМАТУЛЛА – 80

Адам баласына ешқашан жамандық ойламайтын, жүрегі жомарт, тұлға бойы тұнған ізгілік, қамқорлығы мен қайырымы мол, атына сай ардақты ағамыз Жақсылық Рахматулла өмірден озды деген қаралы хабарды естігенде бейнебір асқар тау құлағандай, алып бәйтерек тамырымен сұлағандай әсерде қалдым. Қашан көрсек де жанарынан бір жсылылық пен жақындық сезіліп тұрушы еді.



Жөңіл шапағының көкжиегі



Жақсы бір мақала жазып, көңілінен шықсаң жас баладай маз-мәйрам болып қуанатын. «Сенен түбі бірдене шығады-ау» деп ризашылығын білдіретін. Ақыл-кеңесін аямай, құлаққа құйып, өмірлік тәжірибесін жасырмай айтатын. Бас редактор емес, қасында құтты бір туған ағаң отырғандай ерекше жігер мен шабытқа бөленесің.

Жақсылық ағамыз мені сонау 1990 жылдары облыстық газетке екі-үш рет шақырғанды. Ол Тереңөзек аудандық газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары секілді баспалдақтардан өткен кезім. Бірақ сәті түспеді ме әлде жол тартпады ма, бір себептермен бара алмадым. Тек 2002 жылдың көктемінде мені үш ауданға, яғни Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарына меншікті тілшілікке шақыртып алды. Әлі есімде үш ауданның әкімдерімен танысып шыққаннан кейін жол-жөнекей Жақан сыр шертті.

– Мейрамбек, жазғандарыңды оқып жүрмін. Көбінесе проблемалық және сын мақалаға бет бұрады екенсің. Бұл да дұрыс шығар. Бірақ елдік мәселелерге тереңірек бойлағаның да жөн. Барлық мерейін тасытып көрсете білу, жақсының бағасын асыру да журналистке жат емес. Облыстық баслымның жылдар бойы қалыптасқан жолы бар, – деді.

Сонау 2003-2005 «Ауыл жылдары» көбірек көсіте жазып, көзге түстім. Облыс көлемінде чемпион атандым. «Құрмет грамотасын» иелендім, сияпаттар өз алдына бір төбе. Аудан әкімдерінен Алғыс хаттар, сый-сияпаттар жаңбырдай жауды. Осының бәрі Жақсылық ағамыздың қолдау, қамқорлығы арқасында екенін сезіп жүрдім.

Ол кезде жазған мақалаларды редакцияға апарып, он рет сүзгіден өткізіп, өңдеп, жөндеп барып, баспаға жіберетін. Облыстық газеттің бас редакторының орынбасары марқұм Оразбек Мақсұтұлы, содан кейін бас редактор Жақан стильдік қателерді жөндеп, қайта жазғызып, көп нәрселерді үйрететін. Сөйтіп жүргенде кеш түсіп кетеді. Ауылға қайтуға көлік болмай қалатын кездерде әріптес жігіттердің үйлеріне қона салатынмын.

Бір күні Жақсылық ағам: – Сені жігіттердің үйлерінде қонып жүр деп естідім ғой. Дұрыс-ау, бірақ сол шаңырақтағы келінің не жеңген жақтыра қояр ма екен, сол жағын да ойлау керек. Бүгін біздің үйге барасың, – демесі бар ма?!

Қапелімде не айтарымды білмей, әбіржіп қалдым. Дардай бастық үйіне шақырып тұрғанда қарсылық танытуға батылым жетпеді.

Женгеміз молынан ет асып қойыпты. Буын бұрқыратып, бір табакты ортаға қойды. Жақан құтты бір жақын туысы келгендей бәйек болып, бар жақсы жіліктерді маған ысыра бастады. «Жас болсаң да, қонақсың ғой» деп сорпадан құйды.

Бастық екенін ұмытып кеткен сияқты. Оның қонақжайлылығы тым керемет. Ағамыздың қарапайымдығына да қайран қалып отырдым.

Иә, осылайша асқарқын ағамыздың ақ дастарқанынан талай мәрте дәм таттық. Ол кісі де ауылға келсе біздің үйге бас сұқпай кетпейтін. Ағалық, інілік қарым-қатынасымыз бір үзілген емес.

Жаны жайсаң Жақан қарамағындағы жігіттерді ешуақытта ренжітпеуге тырысатын. Алда-жалда әлдекімге қатты сөйлесе, сол кісінің өкпелегенін аңғарса, бейнебір өзін кінәлі сезініп, оның көңілінен қайта шығуға тырысып, бәйек болатын. Тентектеу жігіттердің де тілін тез табатын. Өрқайсысының отбасындағы жағдайын бес саусағындай білетін. Қажетті жерінде материалдық, моральдық көмек беруден, қамқорлық жасаудан әсте шаршамайтын. Ол кісінің қолдау, қамқорлығын талай рет көрдік.

Сонау бір 2008 жылы журналистік іссапармен жүріп, тікұшақ апатына ұшырағанда жанын шүберекке түйіп, қасымнан шықпады. Ауруханаға да қайта-қайта келіп, үйде жатқанда да әлсін-әлсін соғып тұрды. Бейнебір осы апатқа өзі кінәлі кісідей «Қап, сені бекер ғана жіберген екенмін. Тікұшағы құрғырдың аяқастынан ұшып, апатқа ұшырайтынын қайдан білейін» деп қайта-қайта өкініп отыратын. Артынан мейірімге толы жанары нұр төге қарап, «әлі-ақ тұрып, жүріп кетесің. «Жалғыздың жары – Құдай» деген. Жаратқанның көзі түзу болсын» дейтін. Жақан сияқты абзал, жаны ізгі адамдардың тілегі қабыл болды ма, тұрып, жүруге де жарап қалдым.

Ағалық ақыл-кеңестерін әрдайым айтып отыратын. Журналистік шеберлікті жетілдіру, күнделікті өмірде кездесетін құбылыстар мен оқиғаларға айрықша мән беру, адамдар мойнындағы асыл да абзал қасиеттерді зерделей білу секілді мәселелерді назардан тыс қалдырмау керектігін ескертуші еді. Былайғы жұрт байқамайтын жайғар мен жағдаяттарды, ұлттық болмысымызға жат қылықтарды ажырата білу, халық мүддесі үшін аянбай қалам сілтеу қажеттілігін еске салатын. Келешекте шығармашылықты шыңдап, кітап жазуға керектіні осы бастан жинақтау маңыздылығына тоқталатын.

Иә, айта берсек жаны жайсаң Жақсылық ағамыздың тәлім-тәрбиесі, тәжірибесі, ғибрат аларлық істері мол еді. Үлкен жүректі журналист, жазушы, қамқоршы, ақылшы, елін сүйген ағаның орны әрдайым ойсарып тұрады анық. Атына сай ағамыздың туған жер мен ел үшін еңбек еткенін Сыр бойы, тіпті республика халқы жақсы біледі. Сондықтан оның есімі ел жадында мәңгі сақталары даусыз.

Мейрамбек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ,
ардагер-журналист



есімді бауырлары болды. Үшеуі де соғысқа қатысқан. Парманкүл, Пірназар соғыстан оралмады. Ал Әлішер соғыстан оралған соң білікті педагог, белгілі сыыншы ретінде журналистік салада жемісті қызмет етті.

Тағы бір дерек. Тоқмағамбет шаңырағында Асқар дүниеге келген жылы Бөймен деген жолдасы қызды болып, екеуі құдаласуға ниет қылады. Балалар ержеткенде ата-ананың ақ батасымен шаңырақ көтереді. Бір шаңырақ астында алпыс жыл бірге ғұмыр кешіп, ізін жалғайтын ұрпақ қалдырды. Өмірге келген он бір баланың алғашқы бесеуі тұрқатамай, шетінен кетеді. Алты бала аман-есен ержетеді. Баланың үлкені Теребек атасының қолында өскен еді. Шығармашылыққа жақын, өлең жазатын. Алайда оның да ғұмыры қысқы болды. Жасы 18-ге толғанда өз еркімен соғысқа аттанып, ерлікпен қаза тапты. Одан кейінгі екі ұлы ғылым жолына түсіп, абыройлы еңбек етті. Алматы қаласында тұрады. Ал үш қызы осы қалада. Кенже қызы Аягөз ұзақ жыл ұстаздық қызмет еткен. Ақынның өсіп-өнген ұрпақтары, көзін көрмесе де, сөзін тыңдап өскен халқы бар, сондықтан оның әдеби мұрасы әлі күнге сұраныста.

Біз бала күнімізде мектеп оқулығынан Асқар Тоқмағамбетовтің «Бидай мен қанбақ» атты мысал өлеңін жаттап өстік. Сабак үстінде өлеңді рөлдерге бөліп оқытынбыз.

– Ей, қанбақ! – деді бидай, Қанасына сыймай: Ашып айтсақ, дұрысын, Осы қай жүрісің? Белгілі тұрағың жоқ, Бас түгілі, құлағың жоқ, «Үф» десе ұшасың, «Сүф» десе қонасың, Қанғырған қанбасың, Кімге тұлға болмақсың?! Міне, ақынның шеберлігі! Күнделікті көз алдымыздағы көріністі керемет өлеңге айналдырып, тәлім-тәрбие тініне ұштастыратын. Шынында, біз осы мысал арқылы адал еңбектің қадір-қасиетін біліп өстік.

Иә, өз заманының шындығын арқау ет-

Автордың «Өмір өлмейді» атты шағын кітабын парақтап отырғанда, мынадай жыр жолдары еріксіз елең еткізді:

Уылжыған, Тамылжыған үн келеді құлаққа, Әлде таудан, Сылдыр қаққан, ағып жатқан бұлақ па? Әлде сұлу, Сандуғаштың өзі ме екен, сайраған, Қандай тәтті, Құбылған бір сусымалы сынап па?

Таң алды еді, Мен жатырмын ұйқымды әлі аша алмай, Мен жатырмын, Құмарымды ән тыңдаудан баса алмай. Құлағымда, Жүрегімде ойнайды бір әсем ән, Түрегелдім, Ұйқымды аштым, төсегімде жата алмай!

Бұл тамаша өлең бұлбұл үнді әнші, КСРО Халық артисі Бибігүл Төлегеноваға арналыпты.

Әкесінен қалған рухани мұраны көзінің қарашығындай сақтап, ол туралы естеліктерді жастайынан жадына түйіп өскен кенже қызы Аягөз Асқарқызының айтары көп, жыр шумақтарын да жатқа біледі.

Жуырда ол кісімен әңгімелесудің сәті түсті. Айтуынша, Алматыдан осында сапарлап келген ақын-жазушылар Асқар ақынның үйіне түседі екен.

– Анам дастарқанын жайып, қарсы алатын. Бала болсам да әлі есімде, Лияс, Бейімбет, Ғабит ағалар сияқты жасы үлкендерінің есімдерін атамай, қайнаға дейтін. Хамза Есенжанов, Ғафу Қайырбеков, Әбілда Тәжібаев, Сәбит Мұқанов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Нартай Бекежанов, одан беріректе Тұманбай, Қалдыр ақындар үйде болды. Өзім олардың өлеңдерін жаттап, үйге келгенінде айтып беруге тырысатынмын. Сонда ол кісілер ерекше қуанатын. Сондай бір күні Мұқағали Мақатаев келді. Менің анам-



АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Кеше облыстық кітапханада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, сатираның хас шебері Асқар Тоқмағамбетовтің туғанына 120 жыл толуына орай «Туған елдің жүрегінде» атты дөңгелек үстел жиыны өтті.

Жиында ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы естеліктер айтылып, әдеби мұрасын жастарға танытуға баса назар аударылды.

Ардагер-журналист Қайырбек Мырзахметұлы ақын Асқар Тоқмағамбетовтің сол замандағы олқылықтарды сынга алған сатиралық жанрдағы өлеңдерін оқып, осындай өткір мінезімен шектен шыққан «шекпенділерді» орнынан тайдырып, есесіне, өмірден өз орнын таппай жүрген талай адамға шарапаты тигенін айтты.

Қоғам қайраткері, ардагер Сәпен Аңсат сөзінің барысында ақын шығармашылығына арқау болған мәселелер бүгінгі қоғамда да өте өзекті екенін, қазір қай салада болмасын, сыни көзқарас жетіспейтінін айтты.

— Дәл бүгінгі сыбайлас жемқорлық жайлаған қоғамды сын садағына алатын Асқар сынды ақын болмай тұр, — деді.

Облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа қоғамдық бірлестігінің» төрағасы, қоғам қайраткері Сайлаубай Әбішев ақын Асқар Тоқмағамбетовтің ғасырлық құрылыс «Түркісіб» туралы жазған терең толғанысты туындысынан үзінді оқып, ондағы еңбек көрінісі шеберлікпен суреттелгеніне тоқталды. ҚР Суретшілер одағының мүшесі, колөнер шебері, А. Тоқмағамбетов ауылының тұрғыны Жәнібек Махамбет биыл 120 жылдығы аталып отырған ақынның туған жерінде ауқымды іс-шара ұйымдастырылып

жатқанын, соның шеңберінде жастар арасында өмір жолы мен шығармашылығы кеңінен насихатталатынын атап өтті.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының өкілі, ақын Қаршыға Есімсейітова дарынды ақын, қарымды каламгер, сатира саңлағы Асқар Тоқмағамбетовтің қазақ әдебиетіндегі айшықты орын атап өтіп, «Ақын рухымен сырласу» атты өлеңін оқыды. «Ұстаз мәртебесі» газетінің және «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы ақын мұрасы кеңірек насихатталып, оның ішінде қоғамның оң-терісіне баға беретін сатира жанрын қайта жандандыру қажет екенін айтса, А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің әдіскері Ғабит Қадірбай ақынға арнаған жүрекжарды жырын оқып, көпшілікті тәнті етті.

Асқар Тоқмағамбетовтің қызы, ардагер-ұстаз Аяғөз Асқарқызы ақынның әрбір туындысынан туған жерге шексіз сүйіспеншілігін, өзі өмір сүрген қоғамға адал қызметін, жас ұрпақ тәрбиесіне аса жауапкершілігін ақын аңғаруға болатынын атап өтті. Жыр шумақтарынан үзінділер оқылғанда, ақынның жан сарайының кендігі, әділдігі, тапқырлығы, сөз саптауының бөлек екені байқалды.

Іс-шара аясында «Қазақ сатираның саңлағы — Асқар Тоқмағамбетов» тақырыбында кітап көрмесі таныстырылды.

«СБ» ақпарат



Қоғамның алтын діңгегі

Облыстық дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Отбасы күніне орай «Отбасы — қоғамның алтын діңгегі» атты ерекше форматтағы интеллектуалды сайыс ұйымдастырды.

Отбасы мүшелері арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтып, балалардың логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру, отбасылық құндылықтарды ілгерілету мақсатында өткізілген шараға ұстаздар мен дін өкілдерінен құралған 5 отбасы қатысып, өзара бақ сынасты.

Сайыс барысында қатысушыларға 6 айналымда тапсырмалар берілді. «Үшқыр ой» деп аталатын бірінші айналымда құлаққап киген анасына баласы экрандағы көрсетілген сөзді ымдау арқылы түсіндіруі тиіс болса, «Айшықты сөздер» атты екінші айналымда қатысушылар берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіруі талап етілді.

Мақал-мәтелді жалғастыру, экрандағы суреттерге қарап, тыйым сөздерді тауып, ұяшықтарды тандау арқылы салт-дәстүрлерге байланысты сұрақтарға, әр топтың капитандары логикалық сұрақтарға жылдам

жауап беріп, жарыс өте тартысты өтті.

Қатысушылар тапқырлық, ұйымшылдық пен белсенділіктің ерекше үлгісін көрсетті.

Шара қорытындысы бойынша «Ақ босаға» және «Жалын» топтары лайықты 3-орынды иеленді. Екінші орын «Жұлдыз» тобына бұйырды. Қатысушылар арасында өздерінің белсенділіктерін көрсетіп, ерекше көзге түскен «Сұңқар» тобына I орын табыс етілді. Ал көпшілік көзайымына ие болған, әр айналымда басқалардан оқ бойы оза шапқан «Алау» тобы бас жүлде иегері атанды.

Барлық қатысушыларға қаржылай сыйлықтар мен Алғыс хаттар табысталды.

Шара барысында кітапхана қорындағы отбасы құндылықтары мен ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін әдебиеттерден дайындалған «Отбасы — өмірдің алтын діңгегі» атты кітап көрмесі таныстырылды.

/// ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН

Осындай процестер 1920 жылы құрылған Қазақ АКСР-інде жүріп жатты. Әкімшілік-аумақтық жағынан ол Орал, Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей, Ақмола, Семей және Адай аудандарына бөлінді. Жетісу және Сырдария облыстарының қазақ аудандары, оның ішінде Перовск және Қазалы уездері Түркістан АКСР-інің құрамында қалды. Орта Азияның ұлттық-аумақтық шекарасын межелеру туралы мәселе 1924 жылдан талдана бастады. Сол жылдың наурыз айына

сым көпшілігі білімі төмен, ал олардың жартысы мүлдем сауатсыз еді. Перовск қаласы комсомол ұйымдарының бастамасы бойынша 5 комсомол клубы, 7 саяси клуб, 2 драма үйірмесі, 2 спорт секциясы ұйымдастырылды. Комсомол 270 баланы қамтыған 5 пионерлер отрядын құрды.

Қазақстанға бай экономикалық ресурстары бар жерлердің қосылуы, малдың көп болуы, оның өндіріс күштерін дамытуға қолайлы жағдай


ларды жүзеге асыру жөнінде нақты ұсыныстар жасалды:

1. Егер аудан РСФСР құзырында қалатын болса, онда күллі өнеркәсіпке зиян келтіріледі.

2. Егер ол Қазалы уездік атқару комитетіне немесе республика қарауына беріліп, табыстың 50 проценті жергілікті бюджетке аударылса, болашақта одан мынадай нәтижелер күтіледі:

- таяудағы екі жыл ішінде балық өндіру көлемін 1200 вагонға дейін

ҚАЗАҚСТАН АСТАНАСЫНЫҢ ОРЫНБОРДАН АҚМЕШІТКЕ КӨШІРІЛУІ



Суретшілік ақпарат

туғызды. Мысалы, Қазақ АССР-інің құрамына енген тек Қазалы уезінде бай балық өнеркәсіп базасы, Арал теңізі, Сырдария өзенінің көп бөлігі, 46 ірі көл, жүзден астам жергілікті маңыздағы көл болды.

Сөйте тұра, Арал теңізі аймағы мен Сырдария өзені РСФСР Халық комиссарлары кеңесінің қарауында қалып, балық инспекциясы мен бақылау инспекциясы арқылы басқарылды. Олар бар болғаны балық аулау үшін билет сатумен қанағаттанды. Маусым бойы әрқайсысы 15 сомнан небәрі 160 билет сатылды. Арал мен Сырдарияның республикалық балық аулау базасына айналдыру мақсатында Қазалы уездік атқару комитеті Қазақ өкіметіне балық сапасын өз қолына алуға немесе өз байлығын жергілікті өнеркәсіп арқылы игеру үшін оны тікелей уездік атқару комитетіне беруге ұсыныс жасады. Атап айтқанда, республика үкіметіне мынадай шара-

жеткізуге болады;

- учаскелер мен көптеген артельдерді жеке балық аулаушыларға жалға беріп, ол үшін олардан ауландар балықтың 25 процентін алу республикаға бір маусымда 250 вагон балық алуға мүмкіншілік туғызады;

- сазанның, қаяздың, шортанның бір пұтына қазір белгіленіп жүрген 3 сом 20 тиын орнына нарықтық баға белгіленуі қажет.

3. Қазалы уездік атқару комитетінің есебі бойынша табыс молайып, ол 400 мың сомға жетуі тиіс. Бұл жергілікті бюджетке және республикаға 200 мың сомнан астам қаржы түсіреді, ал, РСФСР Жер Халық Комиссариатының кезінде ол небәрі 1200 сом болатын.

4. Тұзды көлдер Қазалы уезі үшін қосымша байлық көзі болып есептеледі. Бұл жерде 18 тұзды көл болатын, бірақ бар болғаны бір өзеннің жалға берілгені болмаса, қалғандары

Ташкенттің иелігінде қала берді. Келісім-шарт үш жылға жасалып, ол бойынша әрбір ондық үшін 1 сомнан, жылына 206 ондық есебінен 300 пұт тұз өндіріліп, оның 25 процентін жергілікті жерге қалдыру, қалған 75 пұтын мемлекетке өткізу көзделді. Бұл есеп бойынша жылына уезге 37 мың пұт, осыныша мөлшерде Өзбекстан республикасына қалдырылуы тиіс болатын.

5. Қазалы уезі атқару комитетінің есебі бойынша, балық өнеркәсібін тұз өнеркәсібімен біріктірген жағдайда республика өнеркәсібі мен уезд үшін де дамудың жаңа сатысына көтерілу мүмкіндігі ашылды. Нақты деректерге қарағанда, Сапақ станциясынан 3 ай ішінде 62 мың пұт тұз жөнелтілді. Акционерлер осы үшін 6820 сом қаржыға иелік жасады, ал жергілікті бюджетке 11 мың сом қаржы түсті. Бұл бір ғана көлден түскен табыс көзі екенін ескерсек, болжам шын мәнінде дұрыс екендігін дәлелдейді.

Жергілікті атқару органының мемлекет алдына қойған бұл ұсыныстары, өкінішке орай, ескерусіз қалдырылды. Оларда орталықтан басқару жаңа мемлекеттің іс тәжірибесінде тұрақты орын ала бастады. 1925 жылдың сәуірінде Қырғыз өлкелік комитеті, Түркістан және Сырдария губерниялық комитеті мен Жетісу ұйымдарының қатысуымен II ұйымдастыру бюросының мәжілісі болып өтті. Онда Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік бөлінісі мен қазақ жерлерінің бірігуінің қорытындысына арналған мәселе қаралды. РК(б) Орта Азиялық бюросының мүшесі, Түркістан обкомының хатшысы С.Асфендияров баяндама жасап, ол: «Қырғыз АКСР-інің (Қазақ — ред.) мүддесі толығымен қорғалды, бірақ біз көптеген мәселелер бойынша өзіміздің айрықша пікірмізде қалдық. Даулы мәселелерді Москва шешетін болды. Бөлінуге байланысты бізге тиісті нақты капитал Өзбекстанда қалып, осы уақытқа дейін қолымызға тиген жоқ. Жалғыз ғана мәселе бойынша таяу уақытта есеп айырысу аяқталып, Қазақстан мен Қарақалпақстан үлесі үшін 213 463 сом 44 тиын қаралған. Алдын ала жасалған баланс бойынша «Средазхлеб» мекемесінен алатын Қазақстан үлесі 110 мың сом. Ауыл шаруашылығы халық комиссариатының берешегі 99 мың сом. 1921-1922 жылдары құрылған Түркістан республикасы бойынша есептелген 4 миллион қарыз мәселесі әзірге ашық күйінде қалып отыр» деп нақты жағдайдан мағлұмат берді.

Перовск және Қазалы уездері сексеуіл, қамыс, басқа да өсімдіктерге өте бай өлке болатын. Бірақ осы байлықтың барлығы «Барсакемес» және «Возрождение» аралдарын қосқанда Түркістан дайындау министрлігінің қарауында қала берді. 1924-1925 жылдары Түркістан орталық атқару комитетінің тапсырмасы бойынша 500 мың пұт сексеуіл дайындалып, жөнелтілді. Перовск және Қазалы уездерінің мал саны көп болғанына қарамастан, оларға мал дәрігерлік бақылау Ташкент тарапынан жүргізілді. Орта Азияның бөлінуі және қазақ жерлерінің бірігуі барысында болыстар ірілендірілді.

Қазақ АССР РСФСР-дің құрамында қала отырып, орыс пен қазақ халқының арасында жаңа сапалық қатынастар орнықты. Ұлттық-аумақтық қайта бөлу кезінде Орынбор губерниясы РСФСР құрамына енді.

Қазақ жерінің бірігуі, біртұтас мемлекет құру Қазақстан астанасын Орынбордан көшіру міндетін алға қойды. Мемлекеттік комиссия астана ретінде Ақтөбе, Ақмола, Шымкент, Әулиеата, Ақмешіт қалаларын атады. Бірінші Сырдария губерниялық партия конференциясында республика астанасы ретінде Ташкент қаласы да ауызға алынды.

Республиканың астанасына Ақмешіт қаласы ұсынылғанда, ең басты дәлел ретінде онда Орынборға қарағанда қазақтардың көп тұратыны тілге тиек етілді. Орынбор-Ташкент теміржолы республиканың жаңа астанасын Ресей орталығымен, Қазақстанның батыс, оңтүстік аудандарымен және Орта Азия республикаларымен байланыстыратын еді. Оның үстіне Ақмешіт болашағы үлкен үміт күттіретін суармалы егістің орталығына орналасты. Бүгінгі көзқарасқа қарағанда республика басшылары С.Қожанов, С.Сәдуақасов астананы көшіру мәселесіне ұлттық мүдде тұрғысынан келген деген деректер бар.

(Жалғасы бар)

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)

экономика — 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)

жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22051

Тапсырыс №1580

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА